



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02 Қазан 2018
Қостанай қаласы

№ 274-М/8
город Костанай

«Дидар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарастыру кезінде жария тыңдау өткізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14 – 1 бабы 1 – тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздың № 219 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2018 жылдың 09 қазанда сағат 15.00 «Дидар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сарқынды суды бұру және тазарту қызметтеріне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарастыру кезінде Қостанай облысы, Денисов ауылы, Калинина көшесі 5, (акт залы) мекен-жайы бойынша жария тыңдау өткізілсін.

2. Жария тыңдаудың төрағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды реттеу және бағалар бөлімінің басшысы – Сабыржан Азамат Мәуленұлына тағайындалсын.

3. Жария тыңдаудың хатшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы – Гасанов Руслан Исаг – Оғлы тағайындалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының орынбасары

Н. Жалғасбаев